

# Пайдалану бойынша нұсқаулық

FinePower



# FinePower BS182

## Ұялы телефоны



## ***Құрметті сатып алушы!***

"FinePower" сауда маркасымен шығарылатын бұйымды таңдағаныңыз үшін алғыс айтамыз. Біз Сізге сапаға, атқарымдылыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес жасалған және өндірілген бұйымдарды ұсынуға қуаныштымыз. Телефонды пайдаланбас бұрын, Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ телефонды дұрыс пайдалану және оған күтім жасау туралы ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы нұсқаулықтың сақталуын қамтамасыз етіңіз, телефонды одан әрі пайдалану кезінде оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Ұялы телефон қоңырауларды қабылдауға және жасауға, сондай-ақ ұялы байланыс арқылы мәтіндік хабарламаларды қабылдауға және жіберуге арналған.

## ***Қауіпсіздік туралы ақпарат***

Төменде келтірілген қауіпсіздік техникасы ережелерімен танысып шығыңыз. Бұл ережелерді бұзу қауіпті немесе заңсыз болуы мүмкін.

### ***Жол қозғалысы қауіпсіздігі***

Автомобильді басқару кезінде ешбір жағдайда ұялы телефонды пайдаланушы болмаңыз. Қоңырау шалу үшін гарнитураны қолданыңыз.

### ***Әуе кемесіндегі қауіпсіздік***

Әуе кемесінің бортында болған кезде телефонды пайдаланбаңыз. Ұялы желі сигналдары навигация жүйесіне кедергі келтіруі мүмкін.

### ***Қауіпті аймақтарда телефонды өшіру***

Телефонды ықтимал жарылыс қаупі бар атмосферада немесе жанғыш заттар бар жерлерде өшіріңіз (мысалы, жанармай құю станцияларында, отын қоймаларында, сондай-ақ химиялық зауыттарда).

### ***Арнайы ережелерді сақтау***

Ауруханаларда және басқа да қоғамдық орындарда телефонды пайдалану ережелерін сақтаңыз. Телефон медициналық жабдыққа (мысалы, есту аппараттарына) кедергі келтіруі мүмкін екеніне назар аударыңыз.

### ***Суға төзімділік***

Телефон суға төзімді емес. Оны ылғалдың тиюінен сақтаңыз.

### ***Қызмет көрсету***

Ешқашан телефонды өз бетіңізбен бөлшектеуге немесе жөндеуге тырыспаңыз. Мұны арнайы рұқсаты бар адам орындауы керек. Бұл шарттың бұзылуы кепілдік міндеттемелердің күшін жояды.

### ***Басқа құрылғылармен жалғау***

Телефонды қандай да бір құрылғыға жалғамас бұрын, нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Ешбір жағдайда телефонға қосуға арналмаған жабдықты жалғамаңыз.

### ***Шұғыл қоңырау шалу***

Шұғыл қоңырау шалу үшін телефон қосулы және қандай да бір оператор желісінің әрекет ету аймағында екеніне және қоңырау шалу функциясы белсенді екеніне көз жеткізіңіз. Шұғыл қоңырау шалу үшін әдеттегі телефон нөмірін тергендей, 112 жедел қоңырау шалу нөмірін теріп,

қоңырау шалу батырмасын басыңыз. Төтенше жағдай қызметкеріне қайда екеніңізді және сізге не болғанын түсіндіріңіз.


## **Аккумулятор батареясымен (Li-pol/Li-ion) жұмыс бойынша ұсыныстар**

*Құрметті пайдаланушы! Сіз сатып алған құрылғы қуат көзі ретінде литий негізіндегі аккумуляторды пайдаланатынына назарыңызды аударамыз. Төменде келтірілген ақпаратты мұқият оқып шығыңыз. Бұл өз кезегінде Сізге батареяның қызмет ету мерзімін ұзартуға және оны пайдалану кезінде жағымсыз салдардың алдын алуға көмектеседі.*

### **! АКБ-ның табиғи тозуы**

Құрылғыны ұзақ сақтау және пайдалану кезінде аккумулятор (бұдан әрі мәтін бойынша "АКБ") заряд пен сыйымдылықты жоғалту қасиетіне ие. Құрылғыны пайдалану кезеңінде 300 зарядтау циклынан кейін (құрылғыны пайдаланудың шамамен бір жылы) батареяның сыйымдылығы номиналды мәннен 80% дейін төмендеуі мүмкін деп күтуге болады. АКБ сыйымдылығы 400 зарядталу-заряд біту циклынан кейін номиналды сыйымдылықтың 60%-на дейін төмендеуі мүмкін.

Көрсетілген шектер мен уақыт кезеңдеріндегі сыйымдылықтың ішінара төмендеуі — бұл АКБ-ның табиғи тозуы, және ақау болып табылмайды.



АКБ құрылғыдан бөлек сақталса да зарядын жоғалтады. Өздігінен зарядты жоғалту айына шамамен 5%-ды құрайды. АКБ өз құрылымы бойынша қысқа мерзімді және пайдаланылуына немесе пайдаланылмауына қарамастан үнемі тозады. Бұл деградация температура неғұрлым жоғары болса және заряд мөлшері "оңтайлы" (сақталу тұрғысынан алғанда), 40%-ға тең деп саналатын шамадан неғұрлым алыс болса, соғұрлым қарқынды болады. Басқаша айтқанда, егер АКБ пайдаланылмаса, зарядты 40-50% деңгейінде ұстаған жөн болады.

Аккумулятордың зарядтау/заряд жоғалту қабілеті оған орнатылған бақылағышпен басқарылады. Түпнұсқа жинақтамасына кірмейтін сыртқы зарядтаушы құрылғыдағы "жылдам зарядтау" мәжбүрлі режимдері қарсы көрсетілген, өйткені зарядтау және зарядты жоғалту тоқтары шектеулі.

АКБ-да "жад эффектісі" жоқ. Заряд жоғалтуды/зарядтауды АКБ зарядының кез келген деңгейінен бастауға болады. Көптеген құрылғыларда зарядтау/заряд жоғалту дәрежесі бойынша шектеу бар - бақылағыш АКБ-ны зарядтауға жол бермеуі мүмкін, мысалы, егер заряд 90%-дан асып кетсе. Сондай-ақ, ол АКБ-ның толығымен заряд жоғалтуына мүмкіндік бермейді, оның элементтерінің істен шығуына жол бермейді ("терең заряд жоғалту" әсерінен).

Егер АКБ 2 апта немесе одан да көп уақыт бойы заряд жоғалту күйінде болса, онда оның элементтеріндегі сыйымдылықты жоғалтудың қайтымсыз процесі жүреді, нәтижесінде АКБ істен шығады. Егер құрылғының АКБ-сы зарядын жоғалтып, біраз уақыт пайдаланылмаса, онда құрылғыны қайта іске қоспас бұрын оны шамамен 1-2 сағатқа 3Қ-ға жалғау керек.

## ***Телефонды зарядтау үшін келесі әрекеттерді орындаңыз***

1. Зарядтау алдында батареяны құрылғыға салыңыз.
2. ЗҚ-ны құрылғыға жалғаңыз.
3. Зарядтаушы құрылғысының ашасын резеткеге қыстырыңыз.
4. Батарея деңгейінің индикаторы батарея толық зарядталғанға дейін жыпылықтайды.
5. Зарядтау кезінде батарея әдетте қызады, бұл қалыпты жағдай.

**Назар аударыңыз:** зарядтау құрылғысы тиісті ағытпада тұрғанына көз жеткізіңіз.

Олай болмаған жағдайда құрылғы зарядталмайды. Желінің кернеу деңгейі мен қуаты зарядтау құрылғысының номиналды кернеуі мен қуатына сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Егер батарея толығымен зарядын жоғалтқан болса, дисплейде зарядтау индикаторы пайда болмас бұрын біраз уақыт өтеді. Осыдан кейін Сіз құрылғыны қолдануды бастай аласыз.

## ***Температура режимін сақтаңыз***

АКБ +15 °С-тан +35 °С-қа дейінгі температурада зарядталған күйде сақталуы керек. АКБ өте жоғары (50 °С-тан жоғары) және өте төмен (-30 °С-тан төмен) қоршаған орта температурасында ұзақ мерзімді пайдалануды нашар көтереді. Құрылғыға тікелей күн сәулесінің түсуіне жол бермеңіз, сонымен қатар оны жылу көздеріне, мысалы, электр жылытқыштарына жақын жерлерде қалдырмаңыз.

## ***Бөлшектемеңіз, өртемеңіз, зақымдану іздері бар АКБ-ны пайдаланбаңыз***

Ешбір жағдайда АКБ-ны өз бетімен бөлшектеуге және олардың элементтерін зарядтауға болмайды, мұны білікті мамандар жасауы керек. Элементтерді тесу немесе жапыру, арты өрт пен жарылысқа ұласатын ішкі қысқа тұйықталуға әкелуі мүмкін. АКБ корпусында саңылауды пайда болған кезде элементтің ішіне су кіруі немесе атмосфералық ылғал конденсациялануы мүмкін, бұл сүтегі шығарылу реакциясы мен тұтануға әкелуі мүмкін. Зақымдалған АКБ адам денсаулығына зиянды заттар шығарады.

Егер АКБ штаттық режимде жұмыс істемей қалса, қандай да бір себептермен деформацияланған болса (ісінген, тартылған және т.б.), дереу авторландырылған сервистік орталыққа хабарласу керек.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** АКБ-ның жұмыс уақыты желінің теңшеулеріне және басқа да көптеген факторларға байланысты болып келеді (процессорға жүктеме, LCD дисплейінің жарықтылығы және т.б.); нақты жұмыс уақыты көрсетілгенге сәйкес келмеуі мүмкін. АКБ зарядтау циклдерінің шектеулі санына жол береді және біраз уақыттан кейін ауыстыруды қажет етуі мүмкін (АКБ-ның шектеулі кепілдік шарттарын кепілдік талонынан қараңыз). АКБ-ның жұмыс уақыты пайдалану режиміне және теңшеулерге байланысты болады.

## ***Батареяның оңтайлы жұмыс істеуі үшін келесі ережелерді сақтаңыз***

Батареяны тек телефонның жеткізілім жинақтамасынан пайдаланыңыз. Аккумулятор батареясын басқа типті (сәйкес келмейтін) батареямен ауыстыру, батареяны дұрыс орнатпау телефонның зақымдануына әкеп соғуы мүмкін. Батареяны шығармас бұрын құрылғыны өшіріңіз.

Егер батарея жаңа болса немесе ұзақ уақыт пайдаланылмаса, зарядтау процесі әдеттегіден көбірек уақыт алуы мүмкін. Егер телефонды қосу үшін батарея кернеуі жеткіліксіз болса, батареяны ұзактау зарядтаңыз. Егер батарея толығымен зарядын жоғалтқан болса, дисплейде зарядтау индикаторы пайда болмас бұрын біраз уақыт өтеді. Батареяны бөлме температурасында зарядтаңыз. Егер батарея жағымсыз иіс шығара бастаса немесе қызып кетсе, оны зарядтауды дереу тоқтатыңыз.

## Құрылғы сұлбасы



1. Шам.
2. Сөйлеу динамигі.
3. Экран.
4. Сол жақ функционалдық пернесі / Мәзір / Экранды бұғаттаудан шығару.
5. Навигация батырмалары.
6. Қоңырау қабылдау пернесі.
7. Сандық пернетақта.
8. \* пернесі / Экранды бұғаттаудан шығару.
9. Құлаққапты қосуға арналған ағытпа (3.5 мм).
10. Оң жақ функционалдық пернесі.
11. "OK" / Енгізу батырмасы.
12. Қоңырауды қайтару пернесі / қосу / өшіру пернесі.
13. # пернесі / Профильдерді ауыстыру пернесі.
14. 0 пернесі / Шамды қосу/өшіру.
15. Micro-USB ағытпасы (зарядтау және ДК-мен синхрондау үшін).
16. USB-ағытпа (басқа құрылғыларды зарядтау үшін).
17. Динамик.


# Жұмысты бастау

## SIM-карта және жад картасы

SIM-картада телефон нөмірі, PIN-код (пайдаланушының жеке коды), PIN2-код, PUK-код (PIN-кодты бұғаттаудан шығарудың жеке коды), PUK2-код (PIN2-кодты бұғаттаудан шығарудың жеке коды), IMSI сәйкестендіргіші (мобильді абоненттің халықаралық сәйкестендіргіші), желі туралы ақпарат, Сіздің телефон кітапшаңыздағы контакті деректері және мәтіндік хабарламалар сияқты маңызды ақпарат бар.

Телефонды өшіргеннен кейін SIM-картасын салмас бұрын немесе шығарар алдында бірнеше секунд күтіңіз. SIM-картаны өте ұқыпты ұстаңыз, себебі SIM-картаның өзін және оның контактілерін өте оңай тырнап алуға немесе бүгіп алуға болады.

**Назар аударыңыз!** Бұл құрылғы мини-SIM және микро-SIM картаны қолдайды (сур. қараңыз). Сәйкес келмейтін SIM-карталарды пайдалану картаның немесе құрылғының өзін зақымдауы мүмкін, сонымен қатар картада сақталған ақпараттың зақымдануына әкеп соғуы мүмкін.




Жад картасы – бұл телефон ішіне орнатылатын ақпарат сақтау құрылғысы. Бұл құрылғымен тек үйлесімді *microSD* жад карталарын пайдаланыңыз. Басқа типтегі жад карталары *microSD* жад картасының ұяшығына сәйкес келмейді және бұл құрылғымен үйлесімді емес.

Телефонды, оның керек-жарақтарын, сондай-ақ SIM-карта мен жад картасын балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

## SIM-картаны және жад картасын орнату

1. SIM-карта мен жад картасын орнатпас бұрын, құрылғыны өшіріп, зарядтау құрылғысынан ажыратыңыз.
2. Құрылғының төменгі сол жағындағы ойықты іліп алып телефонның артқы қақпағын ашыңыз.
3. Аккумулятор батареясын алып шығарыңыз.
4. SIM1 слоты үшін: SIM-карталардың кесілген жиектері SIM-картаға арналған слоттың тиісті жағымен сәйкес келетіндей етіп тірелгенше салыңыз, ал алтын түсті контактілері бар беттік жағын төмен қаратыңыз.
5. SIM2 слоты үшін: қақпақты жоғары қарай сырғытып, SIM-карта ұстағышын ашыңыз. SIM-картаны контактілерін төмен қаратып, корпустағы ойыққа сәйкес слотқа салыңыз. Қақпақты төмен сырғыту арқылы SIM-карта ұстағышын жабыңыз.
6. Жад картасының ұстағышын ашыңыз.
7. Жад картасын слотқа контактілерін төмен қаратып салыңыз, жад картасының қақпағын жабыңыз.
8. Аккумулятор батареясын орнына салыңыз.
9. Артқы қақпақты абайлап жабыңыз.





## **Қолжеткізу кодтары**

Телефон мен SIM-картада қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және құрылғыны рұқсатсыз пайдалануға жол бермеуге арналған көптеген құпиясөздер болуы мүмкін.

Сұратылған кезде құпиясөзді енгізіп, растау батырмасын басыңыз. Қате құпиясөзді енгізген кезде жаңа құпиясөзді енгізер алдында дұрыс емес құпиясөзді жою үшін оң жақ функционалдық батырмасын басыңыз.

### **Телефонды бұғаттау**

Құрылғыны рұқсатсыз пайдалануды болдырмау үшін телефонды бұғаттау құпиясөзі қолданылады. Әдепкі құпиясөз – **1234**. Телефонды бұғаттағаннан кейін, құрылғының әртүрлі функцияларын пайдалану үшін бұғаттаудан шығаруға арналған құпиясөзді енгізу қажет болады.

### **PIN-код**

PIN-код (4-8 саннан тұратын жеке сәйкестендіру коды) Сіздің SIM-картаңызға рұқсатсыз қол жеткізуді болдырмау үшін қолданылады. PIN-кодты ұялы байланыс операторы SIM-картамен бірге ұсынады.

Егер PIN-кодты тексеру функциясы іске қосылған болса, телефон қосылған сайын осы PIN-кодты енгізу қажет болады.

**Назар аударыңыз!** Қате PIN-кодты үш рет енгізгеннен кейін SIM-карта бұғатталатын болады. SIM-картаны бұғаттаудан шығару PUK-код арқылы жүзеге асырылады.

### **PUK-код**

PUK-код (дербес 8 таңбалы бұғаттан шығару коды) бұғатталған SIM-картаны қалпына келтіру үшін талап етіледі және SIM-картамен бірге ұялы байланыс операторымен ұсынылады.

Егер қате PUK-код қатарынан 10 рет енгізілсе, SIM-карта біржола бұғатталады. Бұдан кейін Сізге SIM-картаны ауыстыру үшін ұялы байланыс операторына жүгіну керек болады.

## **Телефонды қосу және өшіру**

Телефонды қосу немесе өшіру үшін қуат батырмасын басыңыз. Қосу кезінде қажет болса PIN кодты енгізіңіз.

## **Желіге қосылу**

SIM-картаны салынып, телефон қосылғаннан кейін құрылғы автоматты түрде қол жетімді желіні табады. Осыдан кейін телефон белсенді пайдалану режиміне өтеді. Экранда пайдаланылып жатқан желінің атауы көрсетіледі және Сіз шығыс қоңыраулар жасап, кіріс қоңырауларын қабылдай аласыз.

## **Шығыс қоңыраулар**

Қажетті нөмірді теріп, қоңырауды қабылдау/орындау батырмасын басыңыз.

## **Гарнитураны қолдану**

Гарнитураны қосқаннан кейін телефон автоматты түрде дауыстық профильді қолдау режиміне өтеді.

## **Бас мәзір**

### **Контактілер**

Есімдер мен телефон нөмірлерін (контактілерді) телефон жадында және SIM-карта жадында сақтауға болады.

Телефон жадында бір контактіге бір нөмірді тағайындауға, сондай-ақ осы контактіні жатқызуға болатын топты таңдауға болады.

SIM-картаның жадында есімдерді бір телефон нөмірімен байланыстыру арқылы сақтауға болады.

### **Контактіні іздеу**

**Мәзір > Контактілер > Іздеу** тармағын таңдаңыз. Контактілер тізімін айналдырып шығыңыз немесе табу керек есімнің бірінші әріптерін енгізіңіз.

### **Контактіні қосу**

Есімдер мен телефон нөмірлері таңдалған жадта сақталады. Есім мен телефон нөмірін сақтау үшін **Мәзір > Контактілер > Опциялар > Жаңа** тармағын таңдаңыз.

### **Контактілерді көшіру**

Контактілерді телефон жадынан SIM-картаға және керісінше көшіру үшін

**Мәзір > Контактілер > Опциялар > Көшіру** тармағын таңдаңыз.

### **Контактілерді жою**

Телефон жадынан немесе SIM-картасынан барлық контактілерді жою үшін

**Мәзір > Контактілер > Опциялар > Барлығын жою / Барлығын телефоннан жою / Барлығын SIM1 / SIM2-ден жою тармағын таңдаңыз.**

### **Жылдам теру**

Жылдам теру пернесіне телефон нөмірін тағайындау үшін **Мәзір > Контактілер > Опциялар > Қосымша > Жылдам теру** тармағын таңдап, қажетті жылдам теру пернесін таңдаңыз.

### **Хабарламалар**

Бұл мәзір мәтіндік хабарламаларды оқуға, енгізуге, жіберуге және сақтауға мүмкіндік береді.

Қабылданған хабарламалар **Кіріс** қалтасында сақталады.

Жіберілмеген хабарламалар **Шығыс** қалтасында сақталады.

Алдын ала сақталған, бірақ жіберілмеген хабарламалар **Жоба** қалтасында болады.

Теңшеулерде жіберілген хабарламаларды сақтау функциясы қосылған жағдайда жіберілген

хабарламалар **Жіберілген** атты қалтада болады. Жіберілген хабарламаларды сақтау

функциясын қосу/өшіру **Мәзір > Хабарламалар > Опциялар > Хабарламалар теңшеулері >**

**Жіберілген хабарламаларды сақтау** тармағын таңдау жолымен жүзеге асырылады.

**Шаблондар** қалтасында мәтіндік хабарлама шаблондары сақталған. Сіз жауап беру үшін алдын ала жазылған шаблондарды қолдана аласыз немесе мәтіндік хабарламалардың өз нұсқаларын жасай аласыз.

### **Хабарламаны енгізу және жіберу**

1. **Мәзір > Хабарламалар > Жаңа хабарлама** тармағын таңдаңыз.
2. **Контактілер** аясына бір немесе бірнеше телефон нөмірін енгізіңіз.
3. Хабарлама мәтінін енгізіңіз. Дайын жауап шаблондарын **Опциялар > Шаблонды қою** тармағын таңдау арқылы қолдануға болады.
4. Хабарламаны жіберу үшін "OK" орталық пернесін басу арқылы **Жіберуді** таңдаңыз.

5. Егер Сіз сол мезетте хабарламаны жібергіңіз келмесе, **Опциялар > Жоба ретінде сақтау** мәзірін таңдау арқылы терілген хабарламаны жоба ретінде сақтап қояыңызға болады. Сақталған хабарлама **Жобалар** қалтасында орналасатын болады.

### **Хабарламаны қарау және оған жауап беру**

1. Қабылданған хабарламаны қарау үшін **Мәзір > Хабарламалар > Кіріс** тармағын таңдаңыз.
2. Хабарламаға жауап беру үшін **Опциялар > Жауап беру** тармағын таңдаңыз.
3. Хабарлама мәтінін енгізіңіз. Дайын жауап шаблондарын **Опциялар > Шаблонды қою** тармағын таңдау арқылы қолдануға болады.
4. Хабарламаны жіберу үшін "OK" орталық пернесін басу арқылы **Жіберуді** таңдаңыз.

### **Хабарлама жіберу**

1. Жібергіңіз келетін хабарламаны ашыңыз.
2. **Опциялар > Жіберу** мәзірін таңдаңыз.
3. **Контактілер** аясына бір немесе бірнеше телефон нөмірін енгізіңіз.
4. Хабарламаны жіберу үшін "OK" орталық пернесін басу арқылы **Жіберуді** таңдаңыз.

### **Хабарламаны жою**

1. Жойғыңыз келетін хабарламаны **Кіріс, Шығыс, Жоба** немесе **Жіберілген** қалтасында белгілеңіз. Егер Сіз бірнеше хабарламаны бірден жойғыңыз келсе, **Опциялар > Белгілеу** мәзірін таңдаңыз.
2. **Опциялар > Жою** мәзірін таңдаңыз. Контактілердің біреуінен ғана келген хабарламаларды жою үшін **Опциялар > Осы нөмірден бәрін жою** мәзірін таңдаңыз.
3. Сіздің таңдауыңыз расталғаннан кейін хабарлама жойылады. Қажетті хабарламалардың кездейсоқ жойылуын болдырмау үшін Сіз осындай хабарламаларды бөлектеп алып және **Опциялар > Бұғаттау** мәзірін таңдау арқылы қорғауға болады. Хабарламадан қорғауды алып тастау үшін **Опциялар > Бұғаттан шығару** мәзірін таңдаңыз.

### **Қоңыраулар журналы**

Қабылданбаған, шығыс, кіріс және қайтарылған қоңырауларды тіркеу ұялы желі осы қызметті ұсынса ал телефон қосулы болса және ұялы байланыс аймағында болса ғана мүмкін болады.

- Қоңыраулар туралы ақпаратты қарау үшін **Мәзір > Қоңыраулар > Қабылданбаған/Шығыс/Кіріс/Қайтарылған > Опциялар > Мәліметтер** тармағын таңдаңыз.
- Бұрын тіркелген нөмірге қоңырау шалу үшін **Мәзір > Қоңыраулар > Қабылданбаған/Шығыс/Кіріс/Қайтарылған > Опциялар > Қоңырау шалу** тармағын таңдаңыз.
- Бұрын тіркелген нөмірге мәтіндік хабарлама жіберу үшін **Мәзір > Қоңыраулар > Қабылданбаған/Шығыс/Кіріс/Қайтарылған > Опциялар > Жаңа хабарлама** тармағын таңдаңыз.
- Бұрын тіркелген нөмірді қара тізімге қосу үшін **Мәзір > Қоңыраулар > Қабылданбаған/Шығыс/Кіріс/Қайтарылған > Опциялар > Қара тізімге қосу** тармағын таңдаңыз.
- Барлық қоңыраулар журналын тазарту үшін **Мәзір > Қоңыраулар > Барлығын жою** тармағын таңдаңыз.

### **Менің файлдарым**

Бұл мәзір бөлімі үйлесімді **microSD** форматындағы жад картасы қосылған кезде қол жетімді.

**Мәзір > Менің файлдарым > Опциялар** тармағын ашып, келесі функциялардың бірін таңдаңыз:

- **Жаңа қалта** – жад картасында жаңа қалта жасау.
- **Жою** – таңдалған файлды немесе қалтаны жою.

- **Атын өзгерту** – қалтаның немесе файлдың атын өзгертуге немесе көшіруге мүмкіндік береді.
- **Белгілеу** – бірнеше қалталарды немесе файлдарды жою немесе көшіру.

## Ойындар

Телефонның бағдарламалық жасақтамасында **Жыланиша**, **Сокобан** және **Тетрис** сияқты ойындар орнатылған.

## Мультимедиа

### Аудиоойнатқыш

Телефонға жад картасында орналасқан AAC, AMR, MP2, MP3, WAV форматындағы аудио файлдарды тыңдауға арналған музыкалық ойнатқыш орнатылған. Музыкалық ойнатқышты басқару келесі пернелермен жүзеге асырылады:

- **"OK" орталық пернесі** – ойнату/ойнатуды тоқтату.
- **Жоғарыға пернесі/# пернесі** – дыбыс деңгейін жоғарылату.
- **Төменге пернесі/\* пернесі** – дыбыс деңгейін төмендету.
- **Оң жақ пернесі/оң жақ пернені басып тұру** – келесі композицияға өту/ағымдағы композицияны алға айналдыру.
- **Сол жақ пернесі/сол жақ пернені басып тұру** – алдыңғы композицияға өту/ағымдағы композицияны кері айналдыру.
- Аудио файлдарды ойнатуды өшіру үшін **Опциялар > Шығу** мәзірін таңдаңыз.

### Галерея

Бұл мәзір жад картасында орналасқан JPG форматындағы суреттермен жұмыс істеуге арналған. **Мәзір > Мультимедиа > Галерея > Опциялар** тармағын ашып, келесі функциялардың бірін таңдаңыз:

- **Сурет ретінде орнату** – таңдалған суретті негізгі экранға фон ретінде орнатуға болады.
- **Бөлісу** – Bluetooth технологиясын қолдана отырып, файлды басқа құрылғыға жіберуге болады.
- **Жою** – белгіленген сурет файлын жою; егер Сіз бірнеше суретті жойғыңыз келсе, **Опциялар > Белгілеу** мәзірін таңдаңыз.
- **Атын өзгерту** – сурет файлының атауын өзгерту.
- **Слайд-шоу** – барлық қол жетімді суреттерді үздіксіз қарау режимін қосу.
- **Мәліметтер** – сурет файлы туралы ақпаратты қарау.

### Бейнеойнатқыш

Телефонға жад картасында орналасқан 3GP форматындағы бейнеклиптерді көруге арналған бейне ойнатқыш орнатылған.

Музыкалық ойнатқышты басқару келесі пернелермен жүзеге асырылады:

- **"OK" орталық пернесі** – ойнату/ойнатуды тоқтату.
- **Жоғарыға пернесі/# пернесі** – дыбыс деңгейін жоғарылату.
- **Төменге пернесі/\* пернесі** – дыбыс деңгейін төмендету.
- **Оң жақ пернесі/оң жақ пернені басып тұру** – келесі композицияға өту/ағымдағы композицияны алға айналдыру.
- **Сол жақ пернесі/сол жақ пернені басып тұру** – алдыңғы композицияға өту/ағымдағы композицияны кері айналдыру.
- **5 пернесі, Жоғарыға/төменге** пернелерін басумен қатар – экранның жарықтылығын арттыру/азайту.
- Аудио файлдарды ойнатуды өшіру үшін **Опциялар > Шығу** мәзірін таңдаңыз.

## **FM-радиосы**

**Мәзір > FM радио > Опциялар** тармағын ашып, келесі функциялардың бірін таңдаңыз:

- **Автоіздеу** – жаңа радиостанцияларды іздеу және сақтау.
- **Арналар тізімі** – табылған радиостанциялар тізімін қарау.
- **Жиілікті енгізу** – радиожіілікті өз бетімен енгізу.
- **Динамикті қосу** – орнатылған динамик арқылы радиобағдарламаларды тыңдау; бұл функция сымды гарнитура қосылған кезде ғана белсенді болады.
- **Фондық ойнату** – радиостанцияларды тыңдауды үзбей, телефонның басқа функцияларын пайдалануға мүмкіндік береді.

## **Диктофон**

Телефон сөйлеуді жазуға мүмкіндік береді.

**Мәзір > Диктофон > Опциялар** тармағын ашып, келесі функциялардың бірін таңдаңыз:

- **Жазуды бастау** – диктофонды қосу.
- **Жазбалар** – бұрын жасалған жазбалардың тізімі.
- **Файл форматы** – аудио файл форматын таңдау.

## **Органайзер**

### **Bluetooth**

Бұл құрылғы шағын гарнитураны қосуға, файлдарды жүктеуге немесе жіберуге мүмкіндік береді. Bluetooth сымсыз технологиясы 10 м-ге дейінгі радиуста орналасқан басқа үйлесімді Bluetooth құрылғыларымен байланысты қамтамасыз етеді.

**Мәзір > Bluetooth > Опциялар** тармағын ашып, келесі функциялардың бірін таңдаңыз:

- **Bluetooth** – Bluetooth функциясын қосу немесе өшіру.
- **Көгерлік** – телефонның басқа Bluetooth құрылғыларында бейнеленуін қосу.
- **Түйіндескен құрылғылар** – телефонның қамту радиусында кез келген Bluetooth құрылғыларын іздеу және қосылу.
- **Жіберілетін файлдар** – Bluetooth технологиясы арқылы жіберілетін немесе алынатын файлдардың тізімі.
- **Bluetooth атауы** – бейнеленетін құрылғы атауын өзгерту.

### **Күнтізбе**

Күнтізбеде күн мен тапсырмаларды қарау мүмкіндігі бар. Күнтізбеде ең көп дегенде 20 тапсырманы тағайындауға болады.

**Мәзір > Күнтізбе > Опциялар** тармағын ашып, келесі функциялардың бірін таңдаңыз:

- **Жаңа оқиға** – белгілі бір күнге жаңа тапсырма қосу.
- **Бүгінге тапсырмалар** – таңдалған күнге жоспарланған тапсырмаларды қарау.
- **Барлық тапсырмалар** – барлық тағайындалған тапсырмаларды қарау.
- **Бүгінге тапсырмаларды тазарту** – белгілі бір күнге тағайындалған барлық тапсырмаларды жою.
- **Барлығын жою** – барлық тағайындалған тапсырмаларды жою.
- **Апта** – күнтізбені бір аптаға қарау режимі.
- **Күн** – күнтізбені бір күнге қарау режимі.

### **Оятқыш**

Телефон белгіленген уақытта оятқыш сигналдарын ойната алады. Оятқыш жұмысының үш түрлі профилін сақтауға болады.

**Мәзір > Оятқыш > Өзгерту** тармағын ашып, келесі функциялардың бірін таңдаңыз:

- **Хабарламалар** – оятқыш профилінің тақырыпаты.

- **Уақыт** – оятқыштың іске қосылу уақытын орнату.
- **Әуен** – оятқыш әуенін орнату. Оятқыш әуені ретінде жүйелік қоңырау әуендерін, жад картасынан өзіңіздің әуендеріңізді, таңдалған радиостанцияның әуенін немесе өзіңіз таңдаған әуенді диктофонға жазып алып, орната аласыз.
- **Қайталау режимі** – оятқыштың іске қосылу жиілігін таңдау: бір рет, апта сайын немесе таңдалған күндерде.

### **Калькулятор**

Телефонға орнатылған калькулятор негізгі арифметикалық амалдарды орындауға мүмкіндік береді. Ондық нүктені енгізу үшін \* басыңыз.

### **Шам**

Жарық аз жағдайда орнатылған шамды қолданыңыз.

### **Әлемдік уақыт**

Басқа уақыт белдеуіне ауысқан кезде **Мәзір > Әлемдік уақыт > Опциялар > Жергілікті уақытты** орнатыңыз және уақыт белдеуін дүниежүзілік уақытқа (GMT) қатысты уақыт айырмашылығы ретінде таңдаңыз. Уақыт пен күн уақыт белдеуіне сәйкес орнатылады, бұл телефонда қабылданған мәтіндік хабарламалардың жіберу уақытын дұрыс көрсетуге мүмкіндік береді.

### **Таймер**

Кері санау режимін қосуға мүмкіндік береді (1 минуттан 23 сағат 59 минутқа дейінгі аралықта).

### **Электронды кітап**

Телефонға орнатылған қосымша txt UTF-8 немесе Unicode форматында жазылған электронды кітаптарды оқуға мүмкіндік береді.

### **Оператор мәзірі**

Бұл мәзір желі операторы ұсынатын қызметтер порталына кіруге мүмкіндік береді. Бұл мәзірдің атауы мен мазмұны толығымен қол жетімді қызметтер жиынтығымен анықталады. Осы мәзірдің бөлімдері туралы қосымша ақпаратты ұялы байланыс операторынан алуға болады.

### **Сыртқы зарядтау құрылғысы**

Телефонда қандай да бір құрылғыны телефон батареясынан зарядтауға мүмкіндік беретін сыртқы зарядтау функциясы бар. Сыртқы құрылғыны зарядтау үшін кабельді USB-ағытпаға қосып, сыртқы зарядтау функциясын **Мәзір > Сыртқы зарядтау > Қосу** тармағын таңдап, қосу керек.

## **Телефон теңшеулері**

### **Қоңырау шалу теңшеулері**

**Мәзір > Теңшеулер > Қоңыраулар** тармағын ашып, келесі функциялардың бірін таңдаңыз:

- **Белсенді SIM > Күту режимі** – бұл мәзірде Сіз қандай SIM-карта белсенді болатынын таңдай аласыз немесе телефонды барлық радио функциялары өшірілетін **Ұшақ режиміне** ауыстыра аласыз.
- **Белсенді SIM > SIM1-ден шығыс қоңыраулар** – бұл функция іске қосылған кезде барлық шығыс қоңыраулар мен хабарламалар бірінші слотта орнатылған SIM-картадан жүзеге асырылатын болады (яғни, қай SIM-картадан шығыс қоңырауларды жасап, хабарлама жіберуді таңдау режимі өшіріледі).

- **Қайта адрестеу** – түрлі жағдайларда кіріс қоңырауларын қайта адрестеу.
- **Қоңырауды күту** – екінші кіріс қоңырауды қабылдау мүмкіндігін беретін функцияны қосу/өшіру.
- **Қоңырауға тыйым салу** – әр түрлі жағдайларда кіріс және шығыс қоңырауларды бұғаттау.
- **Қосымша > Қоңырау уақыты туралы еске салу** – ағымдағы қоңыраудың ұзақтығы жайлы қайта-қайта еске салады.
- **Қосымша > Автоматты түрде қоңырау шалу** – нөмірге сәтсіз қоңырау шалған жағдайда телефон бұл абонентпен қайта қосылуға бірнеше рет әрекет жасайды.
- **Қосымша > Қоңырауды қайтару, мәтіндік хабарламамен жауап беру** – кіріс қоңырау қабылданбаған жағдайда, қайтарылған нөмірге мәтіндік хабарлама жіберу ұсынылады.
- **Қосымша > Сөйлесулерді автоматты түрде жазу** – телефон қоңырауларын автоматты түрде жазуды қосу.

**Назар аударыңыз:** бұл функция жад картасы қосылған кезде ғана жұмыс істейді!

## Телефон теңшеулері

**Мәзір > Теңшеулер > Телефон** тармағын ашып, келесі функциялардың бірін таңдаңыз:

- **Уақыт пен күн** – уақытты, күнді, сондай-ақ уақыт пен күн форматын өзгерту.
- **Тіл** – мәзір тілі мен мәтіндік хабарламаларды енгізу тілін таңдау.
- **Жылдам қатынау пернелері** – навигация пернелері мен сол жақ функционалдық перненің функцияларын өзгерту.
- **Авто қосу/өшіру** – телефон аппаратын автоматты түрде қосу және/немесе өшіру уақытын теңшеу.
- **Зауыттық теңшеулер** – пайдаланушының барлық теңшеулерін жою және әдепкі теңшеулерді қалпына келтіру.

**Назар аударыңыз:** пайдаланушы теңшеулерін қалпына келтіруге арналған құпиясөз – **1234**.

## Экран теңшеулері

**Мәзір > Теңшеулер > Экран** тармағын ашып, келесі функциялардың бірін таңдаңыз:

- **Суреттер** – негізгі экранның суреттерін теңшеу.
- **Негізгі экран** – уақыт пен күн туралы хабарландыруларды, қосылған SIM-карталар және негізгі экранда орналасқан басқа ақпаратты теңшеу.
- **Жарықтылық** – экранның жарықтылығын теңшеу.
- **Пернелерді жарықтандыру** – пернелерді жарықтандыру уақытын теңшеу.
- **Пернетақтаны автобұғаттау** – экранның жұмыс уақыты мен пернетақта бұғатталғанға дейінгі уақытты теңшеу.

## Қауіпсіздік теңшеулері

**Мәзір > Теңшеулер > Қауіпсіздік** тармағын ашып, келесі функциялардың бірін таңдаңыз:

- **PIN-ды өзгерту** – SIM-картаның PIN-кодын өзгерту.
- **PIN2-ні өзгерту** – SIM-картаның PIN2-кодын өзгерту.
- **Экранды қосу батырмасымен бұғаттау** – телефонды қосу/өшіру пернесін қысқа уақыт басқан кезде экранды өшіру және пернетақтаны бұғаттау функциясын қосу;
- **Қара тізім** – нөмірлерді қара тізімге енгізу және қарау, сонымен қатар **Қара тізім** функциясы жұмысының теңшеулері.

## Профильдер

Әртүрлі жағдайлар мен жұмыс шарттары үшін телефонның түрлі параметрлері телефонның дыбыстық сигналдарын теңшеуге мүмкіндік беретін профильдерге (режимдерге) біріктірілген.

**Мәзір > Профильдер > Опциялар** тармағын ашып, келесі функциялардың бірін таңдаңыз:

- **Қосу** – жаңа профильді қосу.

- **Жою** – жасалған профильді жою (алдын ала орнатылған профильдерді жою мүмкін емес).
- **Теңшеулер** – таңдалған профильді теңшеу. Мәнін өзгерткіңіз келетін параметрді таңдап, қажетті өзгертулерді енгізіңіз.

## **Компьютерге қосылу**

Телефонды деректерді жіберу кабелі арқылы үйлесімді компьютерге қосқан кезде, Сіз телефонның жад картасын USB дискісі ретінде пайдалануыңызға болады, бұл Сізге файлдарды жад картасынан компьютерге және керісінше тасымалдауға мүмкіндік береді.

## **Техникалық сипаттамалары**

1. Модель: BS182.
2. Mini-SIM және micro-SIM стандарттарындағы екі SIM-карта.
3. Қолдау көрсетілетін жиілік диапазоны: GSM 850/900/1800/1900 МГц.
4. Экран өлшемі: 128x160 пиксель, 1.77".
5. Телефон кітапшасы: 1000 контакті.
6. Bluetooth, 2.1 нұсқасы.
7. FM-радио.
8. Мәтіндік хабарламалар.
9. Аккумулятор батареясы: литий-ионды, 2500 мА·сағ.

## **Сақтау, тасымалдау, өткізу және кәдеге жарату шарттары мен ережелері**

- Құрылғы ешқандай монтаждауды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Өндіруші мен тұтынушыда құрылғыны сақтау ауа температурасы 5 °С-тан 40 °С-қа дейін және салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жылытылатын үй-жайларда қаптамада жүзеге асырылуы керек. Үй-жайларда коррозияны тудыратын агрессивті қоспалар (қышқылдар, сілтілер булары) болмауы тиіс.
- Құрылғы ұқыпты қарауды қажет етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т.б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны қарапайым тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына, ол федералды немесе жергілікті заңнамаға сәйкес қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін электрлік және электронды жабдықты тиісті қабылдау пунктіне қайта өңдеуге тапсырылуға тиіс. Осы өнімді дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз ете отырып, Сіз табиғи ресурстарды үнемдеуге және қоршаған орта мен адамдардың денсаулығына зиян келтірмеуге көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорынан білуге болады.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда уәкілетті қызмет көрсету орталығына дереу хабарласу немесе құрылғыны кәдеге жарату қажет.



## **Қосымша ақпарат**

**Өндіруші:** Рэйнбоу Комьюникейшн Ко., Лимитед

610 бөлме, 6-қабат, 1 Тянгон тас жолы, Солтүстік ғылыми және технологиялық үшінші тас жолы, Наньшань ауданы, Шэньчжэнь қ., Гуандун пров., Қытай

**Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:**

ТОО «DNS KAZAKHSTAN», г. Нұр-Сұлтан, пр. Сарыарқа, дом 12, офис 301С, Казахстан.

**Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:**

«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе, Қазақстан.

Қытайда жасалған.

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың "Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы" 037/2016 ЕАЭО ТР техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның сыртқы түрі, оның сипаттамалары мен жинақталуы пайдаланушыға алдын-ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Құрылғының іс жүзіндегі интерфейсі осы нұсқаулықта көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

**Интернеттегі мекенжайы:** [www.finepower.ru](http://www.finepower.ru)

# Кепілдік талоны

Моделі: \_\_\_\_\_

SN/IMEI: \_\_\_\_\_

Құны: \_\_\_\_\_

Кепілдікке қойылған күні: \_\_\_\_\_

Өндіруші осы өнім үшін 1 жылға кепілдік мерзімін белгілейді және өнімде материалдар, құрастыру ақауларының болмауын қамтамасыз етеді, кепілдік мерзімі ішінде үздіксіз жұмыс істеуге кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады.

Кепілдік қызметі өнім пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес қолданылған жағдайда, кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз ақаулы жабдықтың қызмет көрсету орталықтарының аумағында ақысыз жөндеуін немесе ауыстыруын қамтиды.

Жеке, кәсіби емес пайдалануға арналған өнімнің қызмет ету мерзімі пайдалану ережелері сақталған жағдайда 2 жылды құрайды.

Өндіруші жиынтықтық аккумулятор батареясы мен зарядтау құрылғысына 6 ай кепілдік мерзімін және 1 жыл пайдалану мерзімін белгілейді.

Басқа да жиынтықтық аксессуарларға кепілдік мерзімі – 3 ай, пайдалану мерзімі – 6 ай.

Қызмет көрсету орталықтарының өзекті тізімі келесі мекенжайы бойынша:

<http://www.dns-shop.ru/technical-support/>





[www.finepower.ru](http://www.finepower.ru)